

2001 жылы туған ер азаматтарды Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 қаңтарда № 4552 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімінің 21.01.2019 № 1 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Приозерск қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2018 жылдың 1 сәуіріне дейін Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне 2001 жылы туған ер азаматтарды тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың басшыларына, оқу орындары мен басқа қоғамдық салалардың директорларына әскерге шақыру жасына дейінгілерді медициналық тексеруден өту және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алғанда жұмыстарынан, сабақтарынан босату ұсынылсын.

3. Приозерск қаласы әкімінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 3 "2000 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4126 болып тіркелген, 2017 жылғы 3 ақпандағы № 05/493 "Приозерский вестник" газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 3 ақпанда жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

"КЕЛІСІЛДІ"

Балқаш қаласының қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы,
подполковник

_____ Н.У. Аманжолов

2017 жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК